

AINA

ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

2-бет

DÚBIR

«КӨК КІТАПША» ҚАЙТА БЕРІЛУДЕ

3-бет

ZERDE

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АРМАНЫН ЖАЛҒАП...

4-бет

ÁLEÝMET

ЖАТ АҒЫМ ЖАРЫЛҚАМАЙДЫ

6-бет

ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВҚА ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРМЕТТІ ТӨРАҒАСЫ АТАҒЫ БЕРІЛДІ

29 маусымда Нұр-Сұлтан қаласында өткен Жоғары Еуразия экономикалық кеңестің отырысында РФ Президенті В. Путин Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесінің Құрметті төрағасы атағын беруді ұсынды.

– Өздеріңіз білетіндей, бүгінгі шара еуразиялық интеграция жөніндегі идеясының 25 және Еуразиялық экономикалық одақ жөніндегі келісімнің 5 жылдығына арналып отыр. Еуразиялық интеграция идеясының авторы және бастамашысы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа жеке құрмет көрсетуге рұқсат етіңіздер. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің саяси көрегендігінің арқасында еуразиялық интеграция идеясы шынайы жүзеге асырылып, құрлықтың экономикалық, сонымен қатар, геосаяси ландшафтын түрлендірді десек те болады. Сондықтан оның Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуындағы рөлін ескере келе РФ Президенті Владимир Путин Нұрсұлтан Әбішұлына Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесінің Құрметті төрағасы атағын беруді ұсынды, – деді Жоғары Еуразия экономикалық кеңестің шағын құрамдағы отырысын ашқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте ҚР Президенті осы бастаманы көтерген В.Путинге және бастамаға толықтай қолдау білдірген кеңеске мүше мемлекеттердің басшыларына ризашылығын білдірді.

Еуразиялық экономикалық одақтың Жоғары Кеңесінің шешімімен, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы мәртебесі берілді.

Кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков, РФ Президенті Владимир Путин,



Армения Республикасының Премьер-министрі Никол Пашинян, сонымен қатар, Молдова Республикасының Президенті Игорь Додон, ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекеттің басшысы ретінде, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон құрметті қонақ ретінде қатысты. Жалпы отырыс барысында Мемлекет басшылары ЕАЭО дамуының өзекті мәселелері мен болашағын талқылады. Атап айтқанда, цифрлық дамудың, Одақтың халықаралық қызметінің күн тәртібінде тұрған мәселелері, сондай-ақ, 2019-2020 жылдарға арналған макроэкономикалық

саясаттың негізгі бағдарлары қарастырылды. Саммит соңында Жоғары Еуразия экономикалық кеңесіне мүше мемлекеттер басшыларының ЕАЭО туралы Келісімнің 5 жылдығына орай Бірлескен мәлімдеме жасап, бірқатар халықаралық құжаттарға қол қойды. Естеріңізге салсақ, 24 мамырда Нұрсұлтан Назарбаев Түркі Кеңесі мемлекеттері басшыларының шешімімен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің Құрметті төрағасы атанған болатын.

Дархан МҰХАН

МЕМОРАНДУМ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕПІЛІ



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қарағанды облысының әкімдігі және «Қазақмыс Холдинг» ЖШС арасында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында үш жақты меморандумға қол қойылды.

Меморандумға қол қойып, тараптардың міндеттемелерін айқындау үшін еліміздің Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов және «Қазақмыс Холдинг» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Әдурд Оғай Жезқазғанға арнайы келіп, компания еңбеккерлерінің, көпбалалы отбасылардың қатысуымен жиын өткізді. Жиынды ашып, жүргізген облыс басшысы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мемлекеттік деңгейдегі өзекті мәселе екендігін, Елбасының бастамасымен бүгінде ірі компаниялар бұл игі іске өз үлесін қосып келе жатқанын атап өтті.

– Елбасымыздың тапсырмасымен халықтың өмір сапасын арттыруға,

тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетуге бағытталған жұмыстар қызу атқарылып жатыр. Осыдан бір ай бұрын Премьер-министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев осы залда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы жиын өткізгенін білесіздер. Бүгін міне сол бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту аясында министрлік, облыс әкімдігі және «Қазақмыс Холдинг» ЖШС арасындағы меморандумға қол қою үшін жиналып отырмыз. Жалпы, естеріңізде болса осыдан он жыл бұрын Жезқазғанда Елбасының қатысуымен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде үлкен форум өткен еді.

►► 2-бетіме



31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ ОҚУШЫЛАР ТАРИХИ ОРЫНМЕН ТАНЫСТЫ



Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұйымдастыруымен қаладағы №8 гимназия мен №13 мектеп оқушылары «Степлаг» лагерінің орнына танымдық экскурсия жасады.

«Степлагтың» 3-бөлімшесі орналасқан аумақ пен лагерь тұтқындарына арнап қойылған мемориалдық кешен басында болған оқушыларға тарих ғылымдарының кандидаты, Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің профессоры Т. Алланиязов Кеңестер одағындағы лагерьлер жүйесі, саяси құғын-сүргін, «Степлаг» тарихы мен ондағы тұтқындар өмірі туралы мол мағлұмат берді. 1954 жылы мамыр, маусым айларында болған жаппай көтеріліс туралы тарихшы өңгімесін оқушылар зор ынтамен тыңдады.

– Қырық күнге созылған бұл бас көтеру Кеңес одағы лагерьлер жүйесіндегі ең ірі көтерілістің бірінен саналады. Мұнда негізінен

соғыс жылдары кеңес өкіметіне қарсылық білдірген саяси тұтқындар ұсталды. Олар ауыр еңбекке жегіліп, осы аймақтағы ірі өндіріс орындарының құрылысына қатысты, – дейді тарихшы Тұрғанбек Алланиязов.

1948 жылы Жезқазғандағы әскери тұтқындардың №39 лагерінің орнына КСРО ІІМ бұйрығымен «Степной» лагері құрылған болатын. Лагерьдің аумағы Қарлап жүйесінің біршама бөлігін алып, оның бөлімшелері Қарсақбайдан Балқашқа дейін орын тепті. 1954 жылы 16 мамырда тұтқындардың көтерілісі басталып, ол қырық күнге созылды. 26 маусымда көтеріліс күшпен басылған болатын.

Өз тілшіміз

КЕҢГІР КӨТЕРІЛІСІНЕ – 65 ЖЫЛ

«СТЕПЛАГ» ҚАСІРЕТІ

Саяси тұтқындардың ерекше тәртіптегі «Степлаг» лагері Жезқазған өңірі тарихының көлеңкелі бір тармағы екенін ешкім жоққа шығармайды. Сол кезеңде ең көп қолданылған 58-баппен бас бостандығынан айрылған 20 мыңдай тұтқын Кеңгір су қоймасынң жылу-электр орталығынң байыту фабрикасынң болашақ Жезқазғанның әлеуметтік нысандарын салып, қайнаған құрылыстың бел ортасында болды. Солардың күшімен Крестовский, Теректі көттері бой көтерді. Шахталар мен карьердегі, Байқоңыр көмір ошағындағы, Балқаштағы, Екібастұздағы, Алтайдағы ауыр жұмыстарға да тұтқындар аяусыз жегілді. «Степной лагерьдің» Кеңгір бөлімшесінде 1954 жылғы 16 мамырда басталған көтеріліс 40 күнге созылып, Кеңес Одағындағы «ГУЛАГ» жүйесінің бұдан әрі таратылуына себепкер болды еді.

Воркутадан кейінгі лагерьлер жүйесіндегі мәні үлкен ең ірі толқу ретінде бағаланған Кеңгір көтерілісі туралы аз жазылған жоқ. Ғалымдардың зерттеулері, қаламгерлердің еңбектері баршылық. Қасіретті ошақтың қабырғасы қалқайып, орны үңірейіп іргемізде жатқан соң ара-тұра бұл тақырыпты біздің де қозғап қоятынымыз бар. Осы жүйенің тұтқыны болған Александр Солженицын «Архипелаг ГУЛАГ» деген кітап жазғанын біраз жұрт біледі. «Кеңгірдің қырық күні («Сорок дней Кенгира»)» деп аталатын тарауында белгілі қаламгер бұл оқиғаны соғыстан кейінгі кеңес лагерьлеріндегі ерекше қайғылы оқиға ретінде баяндайды. «Степной лагерінің» үш бөлімшесі 40 күн бойы өз наразылықтарын білдіріп, әділет жолында бастарын тігеді. Жезқазғандық тарихшы ғалым Тұрғанбек Алланиязов та архив материалдарын ақтарып, Кеңгір көтерілісі туралы әлеулі еңбек жазды. «Көтеріліске әйелдер себепкер болды... Сталин өмірден

өткен соң 1954 жылы жазасын өтеушілер жеңілдік болады деп күткен еді. Бірақ, ондай жағдай болмады. Негізінен, 58-бап бойынша саяси тұтқындар отырған үш бөлімшеге 600-дей «тұрмыстық» қылмыскерлерді әкеліп қосады. Олар лагерьдің әйелдер бөлімшесін басып кірмек болады. Күзет қызметіндегілер қару қолданып, ата бастайды. Соның салдарынан 18 адам оққа ұшып, 16 мамыр күні жаппай бас көтеруге ұласты», – деп жазады ол. Ортақ мәмілеге келмек болған комиссия қалыптасқан жағдайды «лагерьдегі жеке республика» деп бағалаған көреді. Өздерінің үкіметі, басшысы, қосшысы бар дегендей. Концерт, спектакль қоятын көркемөнерпаздары, фото ателье, қабырға газеті, өз хабарлары лагерь ішінде тарататын радио желісі жұмыс істеген. Өздері құрастырған қысқа толқынды хабар таратқышымен сыртқы әлеммен байланыс орнатпақшы болған.

►► 4-бетіме



ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

2019 ЖЫЛДЫҢ 9 МАУСЫМЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ. САЙЛАУ УАЧСКЕЛЕРІНЕ КЕЛІП, ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫҢЫЗДЫ ЖАСАҢЫЗДАР. ӨЗ БОЛАШАҚТАРЫҢЫЗ – ӨЗ ҚОЛДАРЫҢЫЗДА! СІЗДЕРДІҢ ДАУЫСТАРЫҢЫЗ – ЕЛ ҮШІН МАҢЫЗДЫ!

Өзіңізді сайлаушылар тізімінен <https://e-kng.gov.kz/> сайты арқылы тексеріп көріңіздер!

Құрметті жезқазғандықтар мен қала қонақтары!

31 мамыр – Қазақстан Республикасындағы саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күн – Отанымыздың тарихындағы қайғылы беттердің жаршысы.

Осындай қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқы басына түскен адам төзегісіз қиындықтар мен сынақтарға қарамастан, бауырмалдық, жомарттық және сыйластық сияқты қасиеттерін жоғалтпай, сақтап қалды. Соның арқасында тағдыр тауқыметі қазақ даласына айдап өкелген басқа этностардың өкілдері ауыртпалықтарды еңсеріп, Қазақстан олардың екінші Отанына айналды. Бүгінгі таңда адамгершілік көрінісінің бұл феномені қазақстандықтардың жаңа буынының ғана емес, сонымен қатар, әлем қауымдастығының да үлкен құрмет сезімін туғызуға.

Саяси құғын-сүргіннің және өткен қайғылы оқиғалардың жазықсыз құрбандары болған аға ұрпақ өкілдеріне құрмет көрсету және олардың даналығына, табандылығы мен адамгершілік қасиеттеріне лайықты болу біздің парызымыз. Қоғамымызда қалыптасқан, уақыт тегінен өткен келісім мен өзара түсіністік – баға жетпес құндылық. Осы байлығымызды сақтап, арттыру біздің басты мақсатымыз.

Баршаңызға аманшылық, бөреке-бірлік тілейміз! Елімізде әрдайым табыстарға жетелейтін бейбіт күндер болсын!

Жезқазған қаласының өкімі Қ. БЕГІМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С. МЕДЕБАЕВ

Құрметті жезқазғандықтар! Қымбатты балалар!

Сіздерді шын жүректен тамаша мереке Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймыз! «Жақсылық жасасаң, балаға жаса» деп ана халқымыз айтқандай, балалар шынайылық пен өділдіктің, дүнидегі бар жақсылыққа деген пәк сөнімінің нышаны болып табылады. Біз олардың аманшылықта, өмірдің бар игілігіне бөленіп, дұрыс тәрбиеленуі үшін қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз.

Мемлекет тарапынан отбасын және отбасылық құндылықтарды нығайту үшін көптеген істер атқарылууда. Біздің қаламызда 900 орындық жаңа мектеп салынууда, жаңа балабақшалар ашылып, онда балалардың физикалық және рухани дамуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды. Балалардың мәдени, патриоттық және физикалық дамуы бойынша әртүрлі білім беру, демалыс орталықтары, алаңдар мен спорт нысандары, драма театры, балалар өнер мектебі, жастар ресурстық орталығы белсенді жұмыс істейді. Балалардың денсаулық сақтау жүйесі жетілдірілуде. Осының барлығы біздің өскелең ұрпаққа өз қабілеттерін ашып жүзеге асыруға және қаланың, жалпы еліміздің қоғамдық өмірінің белсенді қатысушысы болуға мүмкіндік береді.

Қымбатты балалар! Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ақ тілектерімізді қабыл алыңыздар! Әрдайым денсаулықтарыңыз мықты, табысты, бақытты болыңдар! Барлық арман-тілектеріңіз орындалсын! Алдағы жазы демалыстарыңды көңілді өткізулеріңе тілектестізі!

Жезқазған қаласының өкімі Қ. БЕГІМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С. МЕДЕБАЕВ


САЙЛАУ – 2019 ҮГІТ НАСИХАТ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ

САЙЛАУ – 2019 2019 МАУСЫМ ИЮНЯ ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!



САЙЛАУ – 2019 4 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

РӘМІЗДЕРДІ ҚҰРМЕТТЕУ – ПАТРИОТТЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ



барысында мемлекеттік ту салтанатты түрде сапмен сахнаға шығарылып, Әнуран асқақата орындалады. Мемлекеттік рәміздер күні аясында патриоттық акциялар, автошерулер мен мотошерулер ұйымдастыру да дәстүрге айналған. Қаламызда өтетін әр түрлі деңгейдегі спорттық додалар да Әнуранды орындаудан басталады. Бұл шаралардың қатысушылардың рухын көтеріп, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыра түсетіні сөзсіз.

«Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет Қазақстан халқының күш-жігері мен қадір-қасиетінің, патриоттығы мен биік адамгершілігінің белгісі білдіреді. Өз мемлекетіміз үшін мақтаншы сезімнен бөлініп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүниежүзі білетін Республика Туын, Елтаңбасың, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз» – деп еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кесіп айтқандай, бабалар сан ғасырлардан бері асаған Тәуелсіздігімізді паш ететін мемлекеттік рәміздерді құрметтеу әрбір қазақстанданың парызы ғана емес, сонымен қатар, оның – патриоттығының өлшемі де. Бүгінде осынау қастерлі рәміздерді құрметтеп, мәртебесін арттыру мақсатында ауқымды шаралар атқарылады. Соның нәтижесінде халықтың мемлекеттік рәміздерге деген құрметі күн санап артауда. Қазір еңбектеген баладан өңкейген қарияға дейін Әнуранды жатқа біліп, көгімізде

желбіреген байрақты көргенде марқақ түсетіні анық. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстарын тоқтатпау қажет. Осы ретте, Жезқазған қаласы әкімдігінің жанында қала басшысы төрағалық ететін мемлекеттік рәміздері жөніндегі комиссияның кешенді жұмысы жайында айтай өтпекке болмас. Аталған комиссияның негізгі міндеті – қала мекемелеріндегі ҚР мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

Ел жастарына патриоттық тәрбие беру және мемлекеттік рәміздерге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында білім ошақтарында «Мемлекеттік рәміздер – елдіктің белгісі» тақырыбында сынып сағаттар өткізіліп, әр аптаның дүйсенбі күні ҚР Әнураны орындалады. Сонымен қатар, Отан қорғаушылар күні, Қазақстан Республикасының Конституция күні, Мемлекеттік рәміздер күні сынды мемлекеттік мерекелерді атап өту

жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында «Мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыра түсетіні сөзсіз.

Мемлекеттік рәміздер күні аясында Жезқазған қаласы әкімдігі «Ең үздік мемлекеттік рәміздер бұрышы», «Мемлекет басшысының кабинетіндегі Мемлекеттік рәміздердің орналасуы», «Мемлекеттік рәміздерге түнгі жарықтандыруды ұйымдастырудың көрнекі түрі» номинациялары бойынша конкурстар ұйымдастырады. Конкурс жүлдегерлері дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Жыл сайын дәстүрге айналған бұл шара да ҚР Мемлекеттік рәміздердің дұрыс қолданылуы мен орналасуын дәріптеуге бағытталған.

2018 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы стандартына (ҚР СТ 989-2014) № 1 өзгерісі енгізіліп, Елтаңбаның Ұлттық стандартының барлық мәтнінде «Қазақстан» сөзі «QAZAQSTAN» латын графикасына ауыстырылды. Аталған өзгерісі енгізілісімен мемлекеттік мекемелерге Мемлекеттік Елтаңбаны, Елтаңба бейнеленген мөрді, мекеме бланкілері мен мекеме маңдайшаларындағы Елтаңбаны ауыстыру қажеттігі жөніндегі хаттар жіберіліп, жұмысты ұйымдастыру бойынша тапсырмалар берілді. 2019 жылдың бюджетіне мемлекеттік тапсырыстар жинақталып, қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелерге,

қала мектептері мен балабақшаларына мемлекеттік елтаңбалар мемлекеттік сатып алулар арқылы алынды. Бүгінгі күні жүйелі және бірлескен жұмыс арқасында қалалық мемлекеттік мекемелерге мемлекеттік рәміздерді сатып алуға жоспарланған қаражат толық игеріліп, Елтаңбаны ауыстыру бойынша жұмыстар аяқталу барысында, яғни бұл көрсеткіш 87 пайызға жетті.

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстары аясында қаламыздың орталық алаңдары мен көшелерінде арнаулы құрылымдарға мемлекеттік рәміздерге арналған баннерлер және тартпалар орналастырылған. Мемлекеттік рәміздер тақырыбындағы мақалалар мен сюжеттер қалалық бұқаралақ ақпарат құралдарында «Мемлекеттік рәміздер», «Менің елім» рубрикаларымен жиі жарияланып тұрады.

Қалалық бұқаралық ақпарат құралдары және қаламыздың қоғамдық бірлестіктері халық арасында мемлекеттік рәміздерге құрмет қатынастарын қалыптастыруға жәрдемдеседі, мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмысына қоғам қайраткерлері де өз үлестерін қосып мақалалар, өз ой-пікірлерін қалалық басшыларға, әлеуметтік желілерге белсене жазып тұрады. Насихаттау жұмыстары өлі де жалғаса бермек. Өткені, әрбір қазақстандық мемлекеттік рәміздердің біздің мақтаншымыз, байлығымыз екенін ұғынып тиіс. Қолымыздағы құндылығымызды қастерлеп, бағалағанда ғана Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болмақ.

Әсем ЖҰМАҒҰЛОВА,
Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің бас маманы

«ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы – ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен сондай-ақ, жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында жыл сайын ұсынылады.

Байқау – әдебиет, ғылым, дизайн және бейнелеу өнері, журналистика, классикалық музыка, қоғамдық қызмет, спорт, театр және кино, эстрада, халық шығармашылығы номинациялары бойынша өтеді.

«Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивалдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ, қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 29 жасқа дейінгі азаматтары сыйлық алуға үміткер бола алады», – делінген хабарламада.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуы мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүргізеді.

Барлық жеңімпазға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «2019 жылғы Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, және олар дипломмен, төсбелгілермен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Естеріңізге салсақ, «Дарын» жастар сыйлығы Мемлекет басшысының бастамасымен 1992 жылы тағайындалған болатын. Әр жылдары бұл сыйлықты Бақтияр Артаев, Серік Сәлиев, Илья Ильин, Денис Тең, Димаш Құдайбергенов, Мария Мудряк, «Муз АРТ» тобы, Қалқаман Сарин және басқа да азаматтар иеленген.

2017 жылдан бастап «Дарын» сыйлығы жыл сайын табысталады.

Ізденушілердің құжаттарын 2019 жылғы 10 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті келесі мекенжай бойынша: **Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік өл көшесі, 8, Министрліктер үйі (15-кіреберіс, 549 кабинет), 87172/74-05-25, 87172/74-18-43 және premiya.daryn2019@gmail.com** электрондық поштаға арқылы қабылдайды.

БИЫЛ ҚАЗАҚСТАНДА 4 ТҮРМЕ ЖАБЫЛАДЫ

Биыл Қазақстанда 4 түрмені жабу жоспарланған. Оған соңғы 8 жылда елдегі сотталғандардың саны 50 пайызға азаяуы себеп болған.

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, 2000 жылы Қазақстан халықаралық түрме рейтингі бойынша 3-орында тұрған. 19 жылдың ішінде сотталғандарды қамтамасыз етуге қолайсыз деп танылған 8 түрме жабылып, 2019 жылғы рейтинг бойынша 95-орынға түскен.

– Осы жылы 4 түрмені жабу жоспарланып отыр. Сотталғандарды жеке камераларға ауыстыру жұмыстары жүріп жатыр. Соңғы жылдары Қызылордадағы колония мен Алматыдағы тергеу изоляторы, сонымен қатар Оралдағы екі колония мен Алматы облысындағы бір колония жаңадан қалпына келтірілді. Қамалғандар мен сотталғандардың қауіпсіздігі үшін мекемелердің барлық жеріне бейнекамера орнату басталды – дейді министр.

Ол сондай-ақ, қылмыстық атқару жүйесі мен пробация қызметкерлері де бейнетаспамен қамтамасыз етілетінін атады.

– Сотталғандардың өтініштерін электронды түрде жолдау жолға қойылмақ. Бұл үшін мекемеде тиісті терминалдар орнатылады. Мекеме қызметкерлерін бейнетіркештермен жабдықтауды жоспарлап отырмыз. Біздің бастамамыз бойынша, сотталғандарды медициналық мекемелер қамтамасыз ету ісі Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына берілуі мүмкін. Алматы және Қарағанды облыстарында осы мәселе бойынша ілкімді жоба қолға алынды. Сотталғандардың ең қажет тауарларды электрондық дүкендерден сатып алуына, туыстарымен және сұхбаттасуына мүмкіндік беретін бірнеше цифрлық жоба өзіндік жүзіріп жатыр. Алғашқы жоба Ақмола облысында іске қосылды – деді Ерлан Тұрғымбаев.

Еске салсақ, сәрсенбі күні елордада қылмыстық атқару жүйесін реформалау мәселесін арналған ашық диалог форматындағы форум өтті. Шара барысында ҚР Бас прокураторының орынбасары Марат Ахметжанов елдегі түрмелердің 80 пайыздан астамы өскіргенін айтқан болатын.

МЕМОРАНДУМ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕПІЛІ

«Соның Басы 1-бетте»

Бүгінде мемлекеттің қолдауының арқасында кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Енді бизнесіңіз қоғамға көмек көрсетуі – оның табысты дамуының бір көрсеткішіне айналғы отыр, – деді облыс басшысы.

Облыс әкімінің айтуынша, бүгінде облыста 130 мыңдай кәсіпкерлік мұқтаж азамат тұрады. Оларға облыстық бюджеттен көрсетілетін көмек көлемі бүгінде 1,5 есеге артып, 12 млрд теңгеге жеткен. Сондай-ақ, 12 мыңнан астам көп балалы отбасы тұрады. Олардың да әлеуметтік мәселелері рет-ретімен шешіліп келеді. Балабақша төлемдеріне 50 пайыз жеңілдік жасалған, көп балалы отбасыларда тәрбиеленетін балалардың түрлі секциялары мен үйірмелерге тегін қатысу, қоғамдық көлікте тегін жүру мүмкіндігі ұсынылған. Қыруәліктен бастап 1,4-сынып оқушыларына мектептерде тегін ыстық тамақ берілемек. Басқа да көп балалы отбасыларды қолдау тетіктері қарастырылып, жүзеге асуда.

– Қазіргі таңда көп балалы отбасылардың ең басты мәселесі – баспана. Облыс бойынша 1206 көп балалы отбасының баспанасыз жоқ. Биыл жыл соңына дейін 560 көп балалы отбасыға баспана беруді жоспарлап отырмыз. Жыл басынан бері 133 сондай отбасы арендалық пәтерлерге ие болды. Облыстық бюджеттен 2 пайыздық ипотека рәсімдеу үшін 1 млрд теңге бөлінді. Осы сомаға 159 пәтер сатып алу жоспарланып отыр.

Әрине, бұл шаралар да өзирге жеткіліксіз. Бұл ретте біздің бизнес қауымдастық та шет қалып отырған жоқ. «Қазақмыс Холдинг» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай мырзаның бастамасымен міне бүгін үш жақты меморандумға қол қойып, компания жұмыскерлерін баспанаман қамтудың қарқынды бағдарламасына жол ашқалы отырмыз, – деді Ерлан Жақанұлы.

Өз кезегінде Эдуард Огай компания Елбасының әлеуметтік жауапкершілік қаласындағы міндеттеріне ерекше мән беретінін, қоғамдағы өзекті мәселені шешуді назардан тыс қалдырмайтынын тілге тиек етті.

– Біз бүгінгі таңда өзекті болып отырған бұл мәселені шешу жұмыстарымен жүйелі түрде айналысу керек деп шештік. Өз жұмыскерлерімізге арнаулы көмек көрсетуге міндеттеме алып отырмыз. Алдағы уақытта әлеуметтік қиындықтарды шешудің жолдарын жан-жақты қарастыратын боламыз. Қазіргі таңда өзекті болып отырған баспана мәселесі, әсіресе, көп балалы отбасыларды баспанаман қамтуды басты назарға алып отырмыз, – деді Эдуард Огай.

Компания басшысы бұл ретте мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар мен өндірісте жарақат алғандардың отбасыларын да қамқорлықтан шет қалмайтынын жеткізді.

Жыл барысында сөз алған ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев

мемлекет саясатының басым бағыты халықтың әлеуметтік ахуалы екендігін еске салды.

– 2008 жылы осы Жезқазғанда бизнесіңіз әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде форум өткізген болатынбыз. Сол жындыдағы бастамалар бүгінде игі дәстүрге айналғы келеді. Кәсіпкерлер әлеуметтік жауапкершіліктің жүгін толық сезіне бастады. «Қазақмыс» компаниясы да бұл қамқорлық шараларына белсенді атсалысып келеді. Біздің өзіміздің ішінде елімізде кәсіпкерлердің көмегімен 350 млрд теңгенің жұмысы атқарылды. Бұл негізінен – әлеуметтік нысандар мен көп балалы, аз қамтылған отбасыларға көрсетілген көмек, – деген Бердібек Сапарбаев әлеуметтік қамқорлық саясаты үшін «Қазақмыс» басшылығына алғысын білдірді.

Осылайша жиын үстінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қарағанды облысының әкімдігі және «Қазақмыс Холдинг» ЖШС арасында ұшықаты меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында компанияда еңбек ететін ең мұқтаж деген көп балалы және тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға, жас мамандарға әлеуметтік көмек көрсетіледі. «Қазақмыс» компаниясы 2020 жылдың соңына дейін мұқтаж отбасыларға 46 пәтер алып бермек.

Кездесу барысында «Қазақмыс Холдинг» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай он отбасыға 4 бөлмелі пәтер кілттерін табыс етті.

Дархан МҰХАН

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ семинар-тренингке арқау болды

«Баласына қазақша үйретпеген ата-ана өз қолымен туған баласын мүгедек етеді. ... Кез келген шаңырақта үйдің шырағы болар әйел ана тілінде сөйлеуі керек». Сәрсенбінің сәтті күніне тап келген латын әліпбиіне байланысты өткен «Жаңа қазақ әліпбиін меңгерудің тиімді жолдары» атты семинар-тренингте қоғам қайраткері, «Үш байлық» қоғамдық бірлестігінің бас директоры, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бас директорының кеңесшісі Оразқұл Асанғазықызы осылайша жастарға үндеу тастады.

Жас ұрпақтың адамгершілік пен ізгілікке және патриоттыққа баулып жүрген Оразқұл Асанғазықызы аталмыш шарада тамары терең тарихимыздан бастап, бүгінгіміз бен болашағымыз жайындағы ой-толғаныстарымен бөлісті. Сонымен қатар, шараның басты тақырыбы – жаңа әліпби жайын қамтып, «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының негізгі жұмыстарына тоқталды.

Семинар-тренингке қатысқан Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы ресурстық тіл орталығының директоры Гүлназ Мұстағұлова да сөз алды. Елімізде алғашқы болып латын әліпбиін халық арасына оқыту-тануыстыру жұмыстарын ұйымдастырған орталық директоры соңғы қабылданған латын графикасындағы қазақ әліпбиіндегі өзгерістерге кеңінен тоқталды.

Жаңа әліпбиі тақырыбы кім-кімді де байқай қалдырмағаны анық. 2025 жылы Қазақстан Республикасы толығымен көшелі отырған бұл әліпбиі 32 таңбадан құралады. Жаңа әліпбиде елге өткізер жаңалықтар да аз емес. Атап айтқанда, ол «Қалай естіміз, солай жазамыз!» деген



принципке негізделген. Енді біздің латын қаріптеріне негізделген жаңа әліпбиіміз тіл мамандары «үкі» деп ассоциация құру негізінде айтып жүрген халық арасында апоострофпен жиі шатастыратын акут белгісімен таңбаланнады. Көбіне акут өзiмiздiң төл дыбыстарымызды таңбалауда қолданылған. Естерiңiзге сақтар жайт, жаңа әліпбиде кирилл әліпбиіндегі э, ю, я, ь, ы, ш, ц әріптері жоқ. И және й әріптері енді қосылып бір ғана I і әрпі ретінде, х мен һ әріптері қосылып бір Н һ таңбасымен жазылады. Ал ь және ы белгілері бар сөздер сөз ішіндегі кейбір дауысты әріптердің жиі шекеленуі арқылы жасалатын болады. Мысалы, «спектакль» сөзін бұдан былай сәректәлі деп жазып, айтқанда спектакль деп айтатын боламыз. Сондай-ақ, екі дауыссыз қатар келетін сөздерде бұдан былай бір дауыссыз түсіп қалады. Мысалы, «колледж» сөзі kolej деп жазылып, айтылғанда да осылай айтылатын болады. Бірақ бұл ереже қолданылмайтын тұстар да бар. Мысалы, сөздердің мағынасы өзгеріп кететіндей жағдай туындаса және өлшем бірлік атауларында дауыссыз әріптің біреуі түспейді. «Масса» сөзіндегі бір

дауыссызды қазақ тілінде «маса» деген сөздің барын ескере отырып, алып тастай алмаймыз. Сонымен қатар, қоғам арасында дау тудырып жүрген «асхана», «Асхат» сөздері ashana, Ashat түрінде, қазақ тілінде «ашана, ашат» деген сөздердің жоқтығына сәйкес осы қалыпта жазыла береді. Және қазақ халқына ғана тән түрде дыбыстатылатын «ашы, тұшы, кеші» сөздері ashshy, tushshy, keshshy түрінде жазылатын болады. Сондай-ақ, жаңа әліпбиде У у әрпі бұрынғыдай бірде дауысты, бірде дауыссыз деп емес, енді тек дауыссыз әріп түрінде таныстырылатынын ұстаздар қауымы

ескеруі қажет. Латын графикасындағы қазақ әліпбиіне көшу арқылы біздің тілімізге де ағылшын тіліндегідей «транскрипция» ұғымы пайда болады.

Сондай-ақ, латын әліпбиіне қатысты семинар-тренингте «Qazlaly.kz» ұлттық порталы конвертерлері таныстырылды. 50 бетті 1 секундта, 784 бет мәтінді 15 секундта кириллицадан латын қаріпіндегі қазақ әліпбиіне ауыстырып беретін веб-сервисіміз мен кітапханасы бар порталдан жаңа әліпбиге қатысты кез келген мәліметтерді табуға болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МЕРЕКЕ

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ

қала әкімінің «Үкілі қобыз» сыйлығымен марапатталды

Өнер – көз келген адамға оңайлықпен сыйға тартыла бермейтін қасиетті құбылыс. Бүкіл Түркі дүниетанымынан бастап, әлемдік мәдениет аренасында өнері, әдебиеті бойынша қазақ халқы өзін елдеқашан дәлелдеп тастаған. Ия, ұлттың ұлы болуының басты кілті – осында болса керек-ті. Бұл туралы арда жазушымыз Ф.Мүсірепов «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы бола алмайды», – деп нақтылап айтып кеткен еді. Ә.Қастеевтің тілімен айтсақ, өнерді таудың бұлағынаң қойдың құлағынаң, ананың киізің, өшкінің мүйізінен үйренген талабы мен таланы жарасқан биік болмысты өнерлі тұлғалар ұлт мекені Ұлытауын зеңгір көкпен сырластырып, қойнауынан құт дарып, көркемдігі көз суырған бетегелі беткейі мен қасиетті қыраттарынан ырзық шашыраған Жезқазған аймағында да жетіп артылады. Соның дәлелі ретінде, өнерлі өлкенің асқақ мәдениетінің қарашаңырағына айналған Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиынның куәгері болып қайттық.



Сәденов, «Жылдың эстрада жанрының үздік вокалисі» номинациясын Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Қайырбай Жұмабаев, «Халық өнім үздігі орындаушы» номинациясын Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Қайрат Әбеуов, өнер, мәдениет пен өнер саласында қалам тербеп жүрген журналистер мен қаламгерлерге берілетін «Алтын жолақ» номинациясын Жезқазған аймақтық «Сағуаға» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан алса, «Жылдың үздік кітапханашысы» номинациясы М.Әуезов атындағы №1 кітапхана-филиалының меңгерушісі Анар Махмұтоваға, «Мәдениет пен өнердің үздік техникалық менеджері» номинациясы Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің дыбыс операторы Бахыт Әбілғаевқа, «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі» номинациясы «Аэлита» эстрада-би ансамблінің жетекшісі

Ирина Боровикке, «Жылдың үздік мұражай қызметкері» номинациясын Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайының аға ғылыми қызметкері Бекзат Балтабековке, «Жылдың үздік жас маманы» номинациясы №3 «Білім инновация» лицейінің мұғалімі Руслан Төлөнге бұйырды. Мәдениет пен өнер саласында 15 жылдан астам уақыт жемісті еңбек еткен қызметкерлерге берілетін «Мәдениет және өнер саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясын (Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры) Фалия Түгелбаева иеленді.

Сондай-ақ, айта кететін тағы бір жайт, шара барысында, қала әкімінің орынбасары қала мерейтойына орай Ж.Сейілов атындағы республикалық әншілер байқауы мен Кетбұқа би атындағы күйшілер байқауының ұйымдастырылатындығын атап өтті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

АҚ ЖОЛ!



СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

Биыл 432 жезқазғандық түлек үшін күміс қоңырау соңғы рет соғылды. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған ұл-қыздар енді үлкен өмірге аттағалы тұр. Бар болғаны мемлекеттік емтихандар тапсыру қажет. Осыны ұғынған түлектер он бір жыл бойы білім нәрімен сусындатқан мұғалімі мен мектебін қимай, жанарлары жасқа толды. Жүрегінде үлкен толқыныс бар олардың ендігі асқақ арманы – ата-ана үмітін ақтап, дұрыс мамандық таңдау. Жалпы білім беретін №1 орта мектептен қияға қанат қаққалы тұрған түлектердің «Құлақтан үнің кетпестей, сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатына біз де қатысып қайттық.

Салтанатты жиын сынып жетекшілері Тоғжан Әубәкірова мен Сандуғаш Әбдіқалықова бастаған 11 «а» және «ә» сынып оқушыларының шеруімен басталды. Еліміздің көк байрағына бет түзеп, Еңурған шырқалған соң жас Жезқазған қалалық білім беру бөлімінің басшысы Жеміс Едігеулының құттықтау сөзімен жалғасты.

Бүгінгі соңғы қоңырау салтанаты – көптің есінде қалатын айшықты мереке. Әсіресе, мектеп бітіруші түлектер үшін. Кешегі балауса балғандарымыз ержетіп, аттағалы тұрған үлкен өмірінде халқымыздың арман-мақсатын өміршең етіп, еліміздің гүлденуіне үлес қосуға дайын – деп түлектерге ақжолтай тілектерін ақтарған қаланың бас педагогы білім саласындағы өз өзгерістер мен қол жеткізілген жетістіктерге де тоқтала өтті. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен II халықаралық «Химик-зерттеуші» ғылыми жоба байқауында III орын иеленген Тоғжан Жүнісбек пен Мәншүк Жұмабаеваны, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетінің оқушылар арасындағы химия пәнінен өткізілген облыстық XIII ашық олимпиадада күміс жүлдегер атанған Қымбат Жандосты марапаттап, көпшілік алдында мерейін асқақтатты.

Биылғы оқу жылының тәмамдалуы Жезқазған қаласының мерейтойымен және Елбасы жариялаған Жастар жылымен тұспа-тұс келуі – жақсылықтың нышаны. Елдегі жас буын өздерінің идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға, білім мен ғылымды дамытуға,

бәсекеге қабілетті жаңа қоғам құруға атсалысуға арнайтын болады. Елімізде жастардың нағыз елін сүйер патриот, креативті ойлай білетін жаңа толқыны есіп келе жатқанына сенімдімін, – деген мектеп директоры Әбдірахман Досанов жыл бойы өскелең ұрпақтың бойына біліммен қатар ізгі қасиеттерді сіңірген еріпестері мен ата-аналар қауымына деген ыстық ықыласын жеткізді. Өрі түрлі олимпиадалар мен білім додаларында озып шыққан жас дарындардың еңбегін бағалап, Алғыс хатпен марапаттады.

Өуезді өнмен айшықталып, бимен көмкерілген жындыа жүректіріп лүпіл қаққан, қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан шөкіртті сөтпен қоштасқалы тұрған түлектердің атынан сөз алған Тоғжан Жүнісбек, Ақерке Рашид, Инабат Галы мен Арайлым Сейітова ата-ана мен ұстаз үмітін ақтап, еліміздің абыройлы азаматы болатындарын тілге тиек етті.

Ақ түлектер ақтарылып, үлкендер түлектерге бағыт-бағдар берген соң, қалыптасқан игі дәстүр бойынша мектептің білім кілті зор сөніммен 10-сыныққа тапсырылды. Жын соңында дәстүр бойынша 11 «ә» сыныбының оқушысы Нұржан Әмірханов пен 1-сынып оқушысы Медина Әулет қоңырау соқты. 2018-2019 оқу жылында қала мектептері 432 шөкіртімен қоштаспақ. Былтыр қыркүйекте қоңырау үнін алғаш рет естіген 1855 жезқазғандық балғын да оқу жылын жақсы көрсеткішпен аяқтаған. Осы күзде олардың ізін оқушы атанатын 1500 бала жалғайды.

Бота ШАЛҚАР

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

«КӨК КІТАПША» ҚАЙТА БЕРІЛУДЕ

Көпбалалы аналар талап еткен «көк кітапша» мамыр айынан бастап қайта беріле бастады. Естеріңізге сала кетсек, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап көпбалалы ана мәртебесін беретін бұл куәлікті үлестіру тоқтатылғанды. Соның нәтижесінде төртінші баласын дүниеге әкелген мыңдаған әйел көпбалалы ана ретінде алатын 10504 теңге көлеміндегі арнаулы мемлекеттік жәрдемақыдан да қағылған еді. Қайта оралған «көк кітапшаның» көпбалалы аналарға берер мүмкіндігі жайында Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен Ашық есік күнінен біліп қайттық.

Көк куәлігі бар аналардың балалары спорт секциялары мен үйірмелерге тегін қатысуға, сондай-ақ, 1-4 сынып оқушылары тегін тамақтануға мүмкіндік алмақ. Сонымен қатар, көпбалалы аналар қала ішінде қоғамдық көлікте ақсыйз жол жүре алады. Көпбалалы әрі жағдайы төмен отбасыларға балабақшаға 50 пайыздық жеңілдік қарасты-

жеткенін айтты. «Енді көк кітапша бізге 10500 теңгелік жәрдемақыны қайтара ма?», – деп алдағандар аналар да тұшымды жауап ала алды. – Бүгінгі таңда бұл жәрдемақы заң жүзінде жойылған. Оның орнына атаулы әлеуметтік жәрдемақы енгізілді. Егер Сіздің отбасы табысыңызды жан басына шаққанда кедейлік

есептеу барысында негізге алынбайды, – деген Хамзат Жаналин Кеңірс селосынан келген Әйгерім Тұғанбаеваның мәселесін шешіп беруге сөз берді. Пәтер жағалап жүрген төрт баланың анасы жәрдемақы алуға құжат рәсімдейін десе, тұрғылықты мекенжайы жоқ. Балалары бір жерде, өзі екінің мекенжайда тіркелген ол көк куәлікті де ала алмайды.

Куәлікті алудың өз тәртіптері бар. Оны алу үшін біріншіден ана да, балалары да бір мекенжайда тіркелуі тиіс. Сондай-ақ, төрт баланың алды 18 жасқа толып, оқу орнында оқымайтын болса да куәлік берілмейді. Егер баласы оқып жатса, 23 жасқа толғанға дейін көк кітапшаны рәсімдей алады. Қазір Жезқазған қаласында 780 көпбалалы отбасы тіркелсе, оның 320-ы осы куәлікті алып үлгерді, – деп егжей-тегжейлі түсіндірді мемлекеттік корпорация филиалының Жезқазған қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы Алмагүл Бейменова.

Ашық есік күніне келген аналар тұрғын үй кезегіне, тегін медициналық көмек пен дәрі-дәрмекке және жер телімдерін рәсімдеуге қатысты сұрақтарына тұщымды жауап алды. Сонымен қатар, көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасылар, I, II топ мүгедектері «Бақытты отбасы» әлеуметтік бағдарламасы бойынша 2 пайыздық несиемен, баспаналы бола алатыны да айтылды. Көпбалалы аналар үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 505 мың теңге көлеміндегі 40 грантты жоспарлаған екен. Грант иегері атанған ана өз кәсібін ашуға мүмкіндік алады. Және жұмысы жоқ аналарды бүгінгі таңда сұранысы жоғары шаштараз, тігінші, кондитер мамандықтарына оқыту курстары тағы бар. Ал іскер әйелдер қауымдастығы өз тарапынан аналарды «Фрилансер мектебі» жобасын қолға алып, әйелдерге бизнес бастаудың жолдарын үйретіп, шаштараз, кондитер, бөт әрлеуші, маникюр сынды қызметтерді ұсынуға баулиды.

Көріп тұрғанымыздай, аналарға қолдау жоқ емес. Дегенмен, көп жағдайда аналар қай мекемеге барып, кімнен көмек сұрауын білмейді. Осы ретте, өткізілінін ашық есік күндерінің тұрғындарға берері көп. Сондықтан, аналар осындай мағыналы кездесулер өтетін жайындағы хабарландырулар ерте өрі көлемде хабарланса деген тілек айтады. Жауапты мекемелер оны да ескерер...

Диана ОРАЗАЛИНА



рылған. Бүгінде қалалық білім беру бөлімінің мәліметінше, 32 отбасы аталмыш жеңілдікке ие болған. Көпбалалы отбасы балалары мектеп жанынан ашылған жазғы лагерьлерде демалады. Биыл 1700 оқушыны қамту көзделген, – деп көрсетілетін қолдау шараларын тізбектеген қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Хамзат Жаналин атаулы әлеуметтік көмек алуға құжат рәсімдеген отбасылардың саны сәуір-мамыр айының өзінде 485 отбасыға

шегінен аспаса осы көмекті ала аласыз. Бүгінде мемлекет тарапынан 100 мың теңгелік жәрдемақыға қол жеткізген отбасылар бар. Жеке басыңызды куәландыратын куәлікпен жұмыспен қамту орталығына барсаңыз болғаны, мамандар бәрін түсіндіреді. Бірақ, көпбалалы отбасы тіркелген үйде өзге де табыс көзі бар тұлғалар (ата-әжесі, апасы және т.б.) болса, олардың айлығы да есептелетін ұмытпау қажет. Ал, мүгедектері үшін төленетін жәрдемақылар атаулы әлеуметтік көмекті

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУ

көптілді педагогтерге жүктеледі



Педагогикалық ұсынымдар фестивалінің бастауы болған болашақ ұстаздар дайындаған концерттік бағдарламаның шымылдығын колледж директоры Айгүл Исаханова кездесу педагогикалық қоғам ішіндегі табысты педагогикалық тәжірибені бөлісуге және өзінің зияткерлік еңбегін кеңінен насихаттауға ұмытылатын белсенді де шығармашыл педагогтарға бағытталғанына баса назар аударып, фестиваль жұмысына сәттілік тіледі. Ал Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Айнұр Қнашина:

– гуманитарлық бағыттағы болса, екеуі – политехникалық және қалғаны қызмет көрсету колледждері. Биыл аталған білім ордалары үштілді білім алған алғашқы түлектерін түлетеді. Оларға артылып отырған жауапкершілік жоғары. Біз жас мамандар алдағы уақытта өз шөкірттерінен динамикалық дамыған ортада өмір сүруге қабілетті, білімді, шығармашыл, ең бастысы бәсекеге қабілетті, құзыретті тұлға даярлайтынына сенеміз, – деп, үштілді білім берудің мақсат-міндеттерін саралады.

Фестиваль оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың өзін-өзі таныта білуі мен олардың барынша тез бейімделіс орта қаруына негізделіп, педагогтердің кәсіби шеберлігін көрсетуге, педагогтық тапқырлығын таныта

«Үш тілділік жағдайындағы заманауи оқытушы: кәсібилік пен педагогикалық шығармашылық» деп аталған алғашқы облыстық педагогикалық фестивалінің өткізу Жезқазған гуманитарлық колледжіне жүктелді. Облыстың қала, аудандарынан ағылған педагогтердің басын қосып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасаған фестиваль өз деңгейінде ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

білуге, сол арқылы өзінің оқыту деңгейін көтеруге жол ашты.

Бір күнге жоспарланған ұсынымдар фестивалі аясында облыс көлеміндегі білім мекемелерінен тақырыпқа сәйкес материалдар жинақталды. Сонымен қатар, кең көлемде педагогтер шығармашылығын айғақтауын көрме ұйымдастырылды. «Көптілділік элементтерін қолданған индерециялық сабақ арқылы студенттердің оқу ынтасын арттыру», «Электрондық кестені есептеулерге қолдану», «Ароматты көмірсутектер. Улы және қопарылғыш заттар» тақырыбында шеберлік сыныптары өткізіліп, бекітілген күнтірбегіне сәйкес жобалар қорғалды.

Фестивальді қорытындылаған Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Айнұр Қнашина бастаған қазылар алқасы педагогтердің назарына ұсынылған материалдардың мақсаттары мен міндеттерінің дұрыс қойылуын, олардың тақырыпқа сәйкестігін сараптап, жаңашыл ұсынымдардың білім алушылардың тұлғалық дамуына тігізетін ықпалы мен өсеріне назар аударды. Фестивальға қатысып, өз жобасын қорғаған барлық педагогтер осы талап үдерісінен шыға алып, сертификаттары ие болды.

Диана ОРАЗАЛИНА

ТЕРЕКТІ ТҮЛЕКТЕРІН ТҮЛЕТТІ

№6 Теректі негізгі орта мектебінде «Құлақтан үнің кетпестей, сыңғырла соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өтті.



Теректі ауылындағы білім ордасының тарихи тереңде. Бүгінде еліміздің дамуымен өркендеуі жолында абыройлы еңбек етіп жатқан талай жақсылар мен жайсаңдар осы қара шаңырақтан түледі.

2018-2019 оқу жылының аяқталуымен жиналған қарымды білім ошағының директоры Гүлзада Жұмашева құттықтап, түлектерге сәт сапар тіледі. Теректі мектебінде 62 оқушы білім алуға. Соның екеуі 9-сыныпты ойдағыдай тәмамдады. Салтанатты кешке ата-аналар, ауылдың еңбек және тыл ардагерлері, ардагер ұстаздар қатысып ізі лебіздерін білдіріп, жастарға ақ баталарын берді. Осы мектептің түлегі телевизия саласының қарымды журналисі, «Қазақ» радиосындағы «Мен

қазақпын» авторлық бағдарламасының авторы, халықаралық «Шабды» фестивалінде журналистика аталымы бойынша бас жүлде иегері, тарихи тұлғаларға арналған «Тәбарік» авторлық бағдарламасы үшін К. Шалабаев атындағы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанған «Алтын қалам» жүлдесінің иегері, «Радио ісінің үздігі» теселбелі мен «Қазақстанның үздік редакторы» медалінің иегері,

ЖАС ӨРЕНДЕРГЕ – ҚОМАҚТЫ ҚОЛДАУ

Талаптың тұлпарын мініп, тас қияға өрлеген өнерлі де өнегелі өрендерді қолдау мақсатында қаламызда «Жезқазған жұлдыздары – 2019» үздік оқушылар слеті өтті.



«Жастар жылы» және Жезқазған қаласының 65 жылдығы аясында Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының ұйымдастырған «Жезқазған жұлдыздары – 2019» үздік оқушылар слеті биыл алтыншы мәрте өтіп отыр. Іс-шараға Жезқазған қаласының 2018-2019 оқу жылында үздік нәтижеге қол жеткізіп, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқан, білім мен ғылымда, өнер мен спортқа оқ бойы озық шығып, талай беделді додаларда жеңіс мәресінен көрінген жүйріктер мен дүлдүлдер қатысты. «Жезқазған жұлдыздары – 2019» үздік оқушылар слетіне қатысуға ниет білдірген оқушылар саны мен олардың

жетістіктеріне қарап тамсанбау өсте мүмкін емес. «Жезқазған жұлдыздары – 2019» слеті негізінде үздік деп танылған бүлдіршіндер мен оқушылар «Жұлдызды бүлдіршін», «Жас талант», «Жыл лидері», «Жыл үздігі», «Қала мақтаншы», «Озат түлек», «Жыл оқушысы» номинациялары бойынша бақ сынасты. Шараның басты номинациясы «Жыл оқушысы» мәртебесін №8 гимназияның 11-сынып оқушысы Сымбат Бердібай иеленді. «Бұл жеңісім – бірінші ата-анамның, екінші ұстаздарымның арқасы», – деп Сымбат атап өткендей, шын мәнінде де, баласы атқарып, тақымын қысып отыратын ата-ана мен бар білгенін үйретуден аянабаған ұстаздар қауымының еңбегі бағалы.

Шара барысында сөз алған Жезқазған қаласының өкімі Қайрат Бегімов жезқазғандық талапты да талантты жастарға «Еліміздің болашағы – тек еңбек сүйгіш, білімпаз, дарынды жастардың қолында. Сондықтан, бүгінгі шараның маңызы зор. Өнегелі, тәрбиелі, патриот жастарымыз көп болсын!», – деген жүрежарды тілегін білдірді. Шара соңында ұйымдастырушылар «Жезқазған жұлдыздары – 2019» слетінің жыл сайын жалғасын таба беретінін атап өтіп, номинациялар санын келесі жылы 10-ға дейін арттыратындықтарын айтып өтті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суретті түсірген Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

03.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт. 06:35 «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫҢДАР». 07:00 «TANSHOLPAN».

сөнімін». 19:30 «Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:35 «Online».

ҚОҚАН АСЫЛ ЖАР». 09:30 «ЮРМАЛА». 10:30 «БУМАЖНБЕ ЦВЕТЫ».

05:50 «Жігіттер». 06:00 «Жігіттер». 06:30 «Лунтика». 07:00 Информбюро.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКИ АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ ҚОҒАМДЫҚ МҮДДЕЛЕР
ҰЙЫМДАРЫНА ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП
БЕРУ және АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ УАҚЫТЫЛЫ
ҰСЫНУ КЕРЕКТІГІН ЕСКЕ САЛАДЫ

04.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт. 06:35 «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫҢДАР».

контроль». 18:15 «Ережесіз әңгіме». 19:00 «Бақытты сәлемі».

СВОЯ ЗЕМЛЯ». 12:40 «КОРОЛЕВА
БАНДИТОВ». 14:30 «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ».

«Лунтика». 07:00 Информбюро. 08:00 «ПОЛИЦЕЙСКИЙ С РУБЛЕВКИ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ
ДЕГЕН СЕНИМ ДЕНГЕЙІ АРТТЫ

05.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт. 06:35 «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫҢДАР».

«Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:35 «Online».

АРГЕНТИНА!». 16:40 «АТАЛАР СӨЗІ». 17:30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ
ДЕГЕН СЕНИМ ДЕНГЕЙІ АРТТЫ

06.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт. 06:35 «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫҢДАР».

«Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:45 «Открытый диалог».

АРГЕНТИНА!». 16:40 «АТАЛАР СӨЗІ». 17:30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ
ДЕГЕН СЕНИМ ДЕНГЕЙІ АРТТЫ

07.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 Концерт. 06:35 «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫҢДАР».

«Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:45 «Открытый диалог».

АРГЕНТИНА!». 16:40 «АТАЛАР СӨЗІ». 17:30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ
ДЕГЕН СЕНИМ ДЕНГЕЙІ АРТТЫ

08.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Көпіл толуы». 07:30 «Айналайын».

«Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:45 «Открытый диалог».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ
ДЕГЕН СЕНИМ ДЕНГЕЙІ АРТТЫ

09.06.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Күзгі аяу». 07:30 АҚПАРАТ. 07:10 «Күзгі аяу».

«Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:45 «Открытый диалог».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

«Әзілдер жинағы». 11:30 «Жігіттер». 12:30 «ЖАРЫҒЫМ-АЙ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ
ДЕГЕН СЕНИМ ДЕНГЕЙІ АРТТЫ

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСЖВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.


«САРЫАРҚА» меншік иесі: Қазақстан Республикасының Қорғаныс және коммуникациялар министрлігі апаратық аппарат қолма қол тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қоғам кезіндегі немірі мен мерзімі – №659. 08.07.1997 ж.)

Таралымы – 2200. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс 825. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.

Директор – бас редактор 100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 61-005. http://saryarqa.webpress.kz • E-mail: sa_jez@mail.ru • whatsApp +77059111363

Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарту бөлімі: 77-50-25.



– материал ақыл

РЕЙД

«ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР»

жедел алдын алу шарасы өтті

Балалығы мен шалалығы қатар жүретін жасөспірімдер үлкен өмірге асығатыны белгілі. Балалықтың бал құндығын шылғым шегу, түнгі уақытта көше кезу мен бұзақылыққа алмастырып алып жататыны өкінішті. Аталған құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Жезқазған қаласы полиция басқармасының ювеналды полиция тобы ай сайын «Түнгі қаладағы балалар» атты жедел алдын алу шарасын өткізеді.

Мамыр айындағы кезекті рейд қала мектептерінде соңғы қоңырау соғылған күнге белгіленді. Өйткені, дәл осы кезеңде жасөспірімдер арасындағы заң бұзушылықтар көбейе түседі. Қала көшелері мен кафедралар аралас бұрын тәртіп сақшылары бастаған топ берекесіз отбасы есебінде тіркелген 75 отбасының үйіне барды. Балаларының түнгі уақытта ұй-жайда екеніне көзі жеткен олар ішімдікке әуестенген ата-анаға олардың баласы алдындағы міндетін түсіндіріп, жазғы уақытта балаларының сақтығы үшін жауап беретінін ескертті. Ұл-қыздары үш ай демалыста немен айналысатыны да нақтыланды.

Жедел алдын алу шарасы барысында түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз жүрген 6 жасөспірім анықталды. Олардың ата-анасы дереу полиция бөлімшесіне шақыртылып, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 442-бабы бойынша ескерту жасалды. Жалпы, жыл басынан 186 ата-

анаға қатысты хаттама толтырылғанын айтады ювеналды полиция тобындағылар. Олардың дені ескертумен құтылса, 25-і 15 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге міндеттелді. Өйткені, олардың балалары екінші мәрте түнгі сағат 23:00-ден кейін қала көшелерінен табылған. Осы ретте, ата-аналардың тәрбие беруге деген салғырттықты байқауға болады. Баласының тәрбиесімен дұрыс айналыспайтын 36 ата-анаға хаттама толтырылып, 7 АЕК көлемінде айыппұл кесілген. Дегенмен, бұл жаза да кейбіріне ес жинауға аздық ететіндей. Осының нәтижесінде тұтастай бір отбасының берекесі қашты. Нақтылап айтқанда, баласы алдындағы ата-аналық парызын орындамаған әке мен ана ата-ана құқығынан айырылды. Қазір тағы осындай екі іс соттың қарауында.

Түнгі аралау кезінде қала кафедраларының бірінде 4 жасөспірім көңіл көтеріп отырғаны анықталды. Жастары небәрі 15-16 ұл-қыздар еш қымсынбады да. Өздерін қызылордалық деп таныстырған жасөспірімдер ата-анасына хабарласуға үзілді-кесілді бас тартты. Бірақ, тәртіп сақшылары олардың жезқазғандық екенін анықтап, мекенжайға барып ата-анасын полиция бөлімшесіне алдырты. Бір қызығы, түнгі уақытта құрықталғандардың барлығы толыққанды отбасынан шыққан. Ал бір қызығы алаңсыз ұйқыда жатқан ата-анасы ұл-қыздың кафеде жүргеніне хабарсыз. Ата-ана мен жасөспірімге түсіндірме жұмыстарын жүргізген полиция қызметкерлері, жауапсыз ата-анаға қатысты хаттама толтырды.

Кәмелет жасқа толмағандардың қатысуымен жасалатын қылмыстар саны былтырмен салыстырғанда азайғанмен, жасөспірімдер әлі де ұрлық-қарлыққа барады. Ерте жастан төсек қатынасына түсіп, жүкті де болып жатады. Биылдың өзінде бұндай үш жағдай тіркелді. Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау фактісі де жоқ емес. 2019 жылы 3 бала өз өмірімен қош айтысқан. Сондықтан, ювеналды полиция қызметкерлері мен психолог мамандар ата-аналарды барынша жауапкершілік танытып, баласына бей-жай қарамаса деп дабыл қағуда.

– Ата-ана баласының жағдайын жасаймын деп күн-түн демей еңбек етуге мәжбүр. Жұмысбасты әке мен шеше баласының бос уақытта немен айналысып жатқанын тексеруге, оның жан дүниесіндегі күйзелісті аңғаруға, оның қандай мәселелер толғандырып жүргенін түсінуге тырыспайды. Осының нәтижесінде қайғылы оқиғалар орнын алады. Жүгенсіз кеткен жасөспірімдер ата-анадан алмаған мейірімнің орын даладан толтырады, – деген ювеналды полиция бөлімінің қызметкері Жансәуле Құрманбаева ата-аналардың шамадан тыс балаға психологиялық қысым көрсетуінің де салдары қайғылы аяқталып жататынын жасырмады. Және жаз мезгілінде жасөспірімдердің жүріс-тұрысы ата-аналар тарапынан қадағаланып, бос уақыты тиімді өткізілсе деген тілегі бар. Сонда ғана кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық фактілері азаймақ.

САЙЫС

Жылдағы дәстүр бойынша Жезқазған қалалық білім бөлімі мен құтқарушылар қызметі, сондай-ақ, төтенше жағдайлар басқармасының ұйымдастыруымен қалалық «Жас құтқарушы» сайысын өткізді.



«ҚЫРАНДАР» ТОБЫ ҮЗДІК ШЫҚТЫ

Жастар арасында құтқарушы қызметін насихаттай отырып, олардың бойында қиындықты жеңу қабілетін қалыптастырып, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға баулуға, сондай-ақ, жасөспірімдерді әскери-патриоттық тәрбиелеу мен тіршіліктің қауіпсіздік негіздерін үйретуді мақсат тұтқан сайысқа барлығы 11 команда немесе 75 оқушы қатысты. Сайыстың бірінші айналымы Кеңірдің жағалауында құтқару қызметінің базасында өтті. Мұнда командалар судайы қауіпсіздік ережелерімен танысып, құтқарушылардың бір күндік жұмысына қанықты. Әрі суға батып жатқан адамға көрсетілетін көмектерді үйренді. Сонымен қатар, жасөспірімдер қайықтағы қауіпсіздік пен құтқару шеңберін қашықтыққа лақтырудан сынағ түсті.

Сайыстың екінші күні №42 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде жалғасты. Бұл айналымда командаларға екі тапсырма берілді. Оның алғашқысы әскери киімдерді уақытша кию еді. Жауынгерлік реттілікке өрістету тапсырмасында қатысушылар өз деңгейінде орындауға барын салды.

«Жас қырандар» сайысының

қорытындысы бойынша жүлделі I орын №22 орта мектептің намысын қорғаған «Қырандар» командасына бұйырды. Ал күміс жүлдені №13 орта мектептің «Силачи» командасы жеңіп алса, №26 гимназиялық «Метриор» командасы қола жүлдегер атанды.

Марапат тапсырылған жабық салтанатында сөз алған ұйымдастырушылар мен өртке қарсы қызмет саласының ардагері Еркебұлан Қалмағамбетов сайыс мазмұнындағы осындай шаралар өскелең ұрпақтың жауынгерлік рухын шыңдап қана қоймай, тығырқатан дұрыс жол таба жұмысына қанықты. Әрі суға батып жатқан адамға көрсетілетін көмектерді үйренді. Сонымен қатар, жасөспірімдер қайықтағы қауіпсіздік пен құтқару шеңберін қашықтыққа лақтырудан сынағ түсті. Мұнда командалар судайы қауіпсіздік ережелерімен танысып, құтқарушылардың бір күндік жұмысына қанықты. Әрі суға батып жатқан адамға көрсетілетін көмектерді үйренді. Сонымен қатар, жасөспірімдер қайықтағы қауіпсіздік пен құтқару шеңберін қашықтыққа лақтырудан сынағ түсті.

«Жас қырандар» сайысының

БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ – МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ



«Айсұлу – инклюзивті ғаламшар» тақырыбында өткен облыстық семинар-практикум Ақтоғай, Осакаров, Нұра, Шет, Қарқаралы, Жаңаарқа аудандарының педагогтары, сонымен қатар, Жезқазған қаласы білім бөлімінің әдіскерлері мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметкерлерін жинады.

Инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіре отырып, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы арқылы біліктілігін арттыруды мақсат еткен семинар-практикумды қалалық білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті меңгерушісі Әсел Жекенова өз сөзімен ашып, инклюзивті білім берудің идеясына тоқталды.

– ҚР білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға назар аударылған. Осы ретте қазір өліміздің бірқатар мектептері мен балабақшаларын инклюзивті сыныптар мен топтар өз жұмысын бастап кетті. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі баланы тең әріптестік жағдайында қалыптастырады, құрдастары мен ересектер ұжымына қосуды және оны қоршаған ортаға бейімдеуді көздейді, – деген ол семинар-практикум жұмысына сәттілік тіледі.

Семинар барысында «Айналайын» тобының тәрбиешісі «Білім өлеміне саяхат» атты баяндамасында М.Монтессори әдісі бойынша қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдісімен бөлісті. Сондай-ақ, мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемелерінің педагогтері жеке және топтық ұйымдастырылған

оқу қызметін көрсетті. Түзете-дамыту бағдарламасы аясында «Дос іздеген бота» ертегісі арқылы ерекше білім беруді қажет ететін баланы дамыту мен оның қабілетін ашу, қызығушылығын арттыру жолдары нұсқалды. Одан кейін семинар-практикум қатысушылары ұйымдастырылған оқу қызметін із жүзінде байқап көруге мүмкіндік алды. Олар ерекше білім алуды қажет ететін балалармен жұмыс жасап, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолданды.

«Әр бала – бір жұлдыз» атты концерттік бағдарламаға ұласқан семинар-практикум соңында рефлексиясы жүргізілді. Мазмұндылығымен ерекшеленген семинар-практикумнан үйренгені мен түйгені көп болған педагогтер ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Барлық қатысушыларға Жезқазған қалалық білім беру бөлімінің сертификаттары тапсырылды.

Естеріңізге сала кетсек, бүгінде №8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайында 95 бала тәрбиеленеді. Оның ішінде ерекше білімді қажет ететін 13 бала бар. Балаларға арналған түзете дамыту бағдарламасы шеңберінде олармен педагог психолог, логопедтер, дефектолог, дене тәрбиешісі, музыка жетекшісі және топтық тәрбиешілері жұмыс жасайды.

«ЖЕЗ МҰХИТТЫҢ ЖЕЛКЕНІ – ЖЕЗҚАЗҒАН»

атты әдеби-музыкалық кеш өтті

Жалпы білім беретін №10 орта мектептің ұжымы мен оқушылары «Жез мұхиттың желкені – Жезқазған» атты әдеби-музыкалық кешті мысты қаланың мерейтойына тарту етті.

Мерекелік шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өткен жөн. Ұстаздар қауымының ата-аналармен тығыз байланыс орнатқаны байқалды. Әрі педагогтер тек білімді де, білікті ғана емес, сонымен қатар, өз өнерлерін шыңдап, үнемі ізденісте екендерін паш етті. Шараның шымылдығын құттықтауымен түрген мектеп басшысы Әлия Бәжібаева Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен есігі айқарыла ашылған білім ордасы туған жердің түтінін түзу тұлғаттың ұрпақ тәрбиелеуде алдына жан салмайтын тілге тиек етіп, мектептің қоғамдық өміріне белсене араласатын ата-аналарға ризашылығын білдіріп, бала жанының бағбаны болған әріптестері мен талантты шәкірттеріне алғысын жаудырды. Құттықтаулар легін жалғаса қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова

жиналғандарға шаһар тарихынан сыр шертті. Ал білім беру бөлімінің басшысы Жәніс Әлмағанбетов жиналғандарды Жезқазғанның мерейтойымен құттықтап, білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ қана елімізді дамыған елдердің қатарына қосатынын айтып, оқушыларды білім іздеуден талмауға шақырды.

«Жез мұхиттың желкені – Жезқазған» атты әдеби-музыкалық кеш қаланың өткеніне үйілтіп, жарқын болашағына үміттендірді. Қаланың қалыптасуына үлес қосқан ұлы тұлғалардың есімдері ұлықталып, еселі еңбектері дәріптелді. Оның ішінде өндірісті қаланы өлмеге танытқан академик Қаныш Сәтбаев есімі ерекше аталды. Үлкен Жезқазған жобасын өмірге әкелген ғұлама ғалымның қажырлы еңбегіне жиналғандар бас иді. Ұстаздар мен оқушылар



Жезқазғанның тарихи оқиғаларын көрерменнің көз алдына алып келуге барын салды. Әр жылдардағы Жезқазғанның жетістігін жырлап, осыдан қырық-елу жыл бұрынғы кезеңге саяхаттауға мүмкіндік берді. Кездесуді «Жезқазған – заман жаңалықтарымен жарысып келе

жатқан жасампаз қала» атты бөлімінде біздің қалада орын алған тарихи оқиғалар мен жағымды жаңалықтар қамтылса, «Ән мен жырға арқау болған қасиетті қалам» бөлімі мерекелік кездесуді қорытындылап, жиналғандардың алған әсерлері мен көңіл-күйін аспандатты.

Қ. Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі 2018-2019 оқу жылын қорытындылап, дарындар шеруі мен дәстүрлі XVIII Сәтбаев спартакиадасының жабылу салтанатын өткізді.



ҮЗДІКТЕР ШЕРУІ ӨТТІ

Тағы бір оқу жылын артта қалдырған білім ошағы үшін 2019 жыл берекелі әрі мерекелі болды деуге толық негіз бар. Өйткені, биыл қазақтың біртуар ұлы Қаныш Имантайұлының 120, оның төл перзенті Жезқазған қаласының 65 жылдығы мектеп-лицейдің 40 жылдық мерейтойымен тұспа-тұспа келді. Мектеп оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық білім додаларында озып шығып, осы мерейлі даталарға тарту жасады. Дарындылар шеруі сол жүзден жүйрік шыққан үздіктерге құрмет пен қошемет көрсетуді мақсат тұтты.

Салтанатты шарада білім, спорт және өнер байқауларында жүлдегер атанған оқушылар жиналған көпшіліктің алдында қызыл кілемнің үстемін жүріп өтті. Құрметке бөленген мектеп мақтаныштарына қарап

тұрған өзге оқушылардың санасында «менде сондай боламын» деген үлкен арман пайда болғаны анық. Сонымен қатар, сөз алған мектеп директоры Күлпәш Мұқашева да білімді ұрпақ қана еліміздің тасын өрге домалататынын тілге тиек етіп, үлгерімі нашарлау оқушыларды қамшылап, жетістіктерге жігерлендіргендей болды.

Мектеп өнерпаздары дайындаған мерекелік концертке ұласқан дарындылар шеруінде оқушылардың зияткерлік мүмкіндігін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытып, тұлғалық ұстанымдарын қалыптастырған ұстаздарға деген ризашылық пен алғыс та айтылды. Шәкірт жүрегіне жол тауып, білім нұрын сепкен ағарту ісінің қызметкерлеріне ата-ана алғысын арқалаудан асқан марапат жоқ шығар.

БҮЛДІРШІНДЕР ТОП ЖАРДЫ



Жақында № 15 «Гүлдер» бөбекжайының бүлдіршіндері Алматы қаласында байрағын көтерген «Жеңіспен келген көктем» атты республикалық көркем сөз, ән-би, өнер байқауына аттанған еді.

П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің үлкен концерт залында ұйымдастырылған өнер бөйгесіне еліміздің түпкір-түпкірінен жас талант иелері қатысты. 3-5 жас ерекшелігінде эстрадалық вокал аталымында «Біз Отанның бөбегі» атты әнімен өнер көрсеткен өрендер I дәрежелі лауреат атанып, ұстаз мерейін асқақтатты. Ересектер тобының тәрбиеленушісі Медина Әбдікерімова «Көркем сөз» номинациясында Ұлы Отан соғысында Жеңіске арнап өлең оқыды да, III дәрежелі дипломант атанды. Ал Жәния Қасымбек «Бейнелеу өнері» номинациясында бағын сынады. «Ерлікке мың тағзым» атты тақырыпта сурет салған ол II дәрежелі «Лауреат» атағын иеленді.

Байқауға қатысушылардың барлығы дипломдармен, арнайы сыйлықтармен марапатталды. Бұл жеңісте тәрбиеленушілермен қатар бөбекжай ұстаздарының да қосқан үлесі зор екені сөзсіз. Осы ретте бөбекжай басшысы Н.Б.Мұратова бастаған әдіскер Д.М.Тұяқпаеваны, музыка жетекшісі А.А.Омарованы, орыс тілі пәнінің мұғалімі К.К.Абдықалықова мен тәрбиеші Н.И.Омарованы атап өтпекке болмас.

Балабақшадағы бала тәрбиесіне белсене араласып, қоғамдық шараларға атсалысып жүретін А.Талиева, М.Үнгітбаева, Ж.Қабанбаева, Г.Наурызбаева, И.Әлібекова сынды ата-аналардың да үлесі мол.

Еліміздің ертеңі білімді ғана емес, сонымен қатар, талантты жастардың қолында екені даусыз. Сондықтан, тәрбие бастауы болған балабақша ұжымының өскелең ұрпақтың бойында осы қасиеттерді дамытуға қосым жатқан үлестеріне алғыс білдіре отырып, бүлдіршіндердің қанаты талмасуын қойып.

Материалдарды өзгерткен Диана ОРАЗАЛИНА Суреттерді түсірген Фалия ӘБДИПАПАРОВА

ТАЛАПТАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

Талап ауылында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің № 6 филиалы №9 үлгілі кітапхана филиалымен бірлесіп отырып «Ардагерлер шежіресі – еліміздің шежіресі» атты еске алу кешін өткізді.

Жерлестері арасында «герой» атанған Жарылғап Айтуаров – аңыз адам. Ол ғұмырын ауыл шаруашылығымен тығыз байланыстырды. Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған Жарылғап Айтуаров Жоғарғы Советтің депутаты болып та сайланған еді. Қазақ ССР ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі қой шаруашылығының тәжірибелі маманы оңға жуық медаль мен грамоталар иегері.

Кездесу барысында жиналғандарға «Ардагерлер шежіресі» атты бейнелері ұсынылып, онда кеш иесінің өмірі мен еңбек жолынан сыр шертті. №14 орта мектептің оқушылары Нүржігіт Әміртай, Абдулахат Ұзақбай, Әліби Қуандық «Жаса, Қазақстан», «Ақбидай» әндерінен шашу шашып, кездесудің көркін кіргізсе, Әлия Сиязбек «Ардагерлерге құрмет», Асылтас Айтжан М.Жұмабаевтың «Еңбек» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Жарылғап атының немересі Мадияр Жарылғап «Атаға» атты арнауын арнап, жиналғандарды бір толқытып тастады. Тағылымы мол жүздесудің қонағы болған Жарылғап Айтуаровтың зайыбы Жүпар алай көйпекер жайында естеліктер айтып, бастан көшкен айтулы оқиғаларға тоқталды.

Жарылғап Айтуаровтың өнегелі өмірін үлгі ете отырып, келешек ұрпақ арасында ата-бабасының даңқты жолын жалғастыру насихаттауды мақсат тұтқан шара өз деңгейінде өтіп, түйіл алар жастарға ой салды.

Тілек ИПБАЕВА, № 9 үлгілі кітапхана меңгерушісі

